

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші ертаратандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, келік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл Көмір және ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, Camrose, Frontier, SMKK, Dezita, Chambishi Metals PLC мыс пен кобальт активтері, сонымен қатар көмір, марганец, боксит, платина және флюорит өндіру бойынша жобалар бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minas Gerais Bahia SA (MIBA) жобаларына, Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 13,5% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 75 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 69 000-ы Қазақстанда.

Феликс Вулис, Бас атқарушы директор

“Мен Топтың өндірістік жетістіктеріне қуаныштымын. Бұл біздің бизнесіміздің тылсым қуатын көрсетеді. Ферроқорытпалар бөлімшесі толық өндірістік қуат деңгейінде жұмыс істеді, глинозем және алюминий бөлімшесі қуат күшін қалпына келтірді, ал тоқсандық есепке Шұбаркөл Көмірдің өндірістік көрсеткіштері толығымен қосылды. Біздің күрделі шығындар бағдарламамызының негізгі мақсаты – жаңа жетістіктерге қол жеткізу. Frontier кен орнында бірінші тоқсанда концентрат өндірісі басталды, ал сәуір айында осында жаңа байыту зауыты іске қосылды. Өкінішке орай, Қазақстанда өте ызғарлы қос болып, ол қаңтар айында темір кенін өндіруге әсер етті. Бірақ жақсы сатылымдар арқасында, аталған кезеңде біз тапсырыс берушілердің сұраныстарын қатағаттандырдық. Басқарушы топ негізгі өсу жобаларының сәтті жүзеге асырылуын қадағалауды, шығындарды басқаруды және активтеріміздегі өндірісті әрі қарай дамытуды жалғастырады.”

2013 жылғы бірінші тоқсанның негізгі қырлары

31 наурызда аяқталған 3 айдың негізгі қырлары

- Барлық бөлімшелер бойынша өндіріс толық қуат деңгейінде. Тек Темір кені бөлімшесіндегі өндіріске ызғарлы қыс әсер етті және Шұбаркөл көмір өніміне мезгілдік сұраныс әсер етті. Мыс өндірісі 2012 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 61,7% ұлғайды;
- Түсім 2012 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда, тауарлардың бағасының төмендеуіне байланысты, аздап төмендеді;
- Шығында болжамдарға сәйкес келеді;
- Қолда бар қаражат 0,8 млрд АҚШ долларын құрады, ал жалпы қарыз көлемі 6,2 млрд АҚШ долларын құрады. Несие көлемі 500 млн АҚШ долларын дейін өсіп, 2015 жылға дейін ұзартылды.

Соңғы жетістіктер мен толық 2013 жылға болжам

- Frontier кен орны сәуір айында іске қосылды. 2013 жылдың шілде айында толық қуат деңгейіне шығады деп жоспарланған;
- 2013 жыл бойынша өндіріс көлемі толық қуат деңгейіне жақын дәрежеде болады деп жоспарланған;
- Өнімді сату шығандарының өсімі алдағы болжамдарға сәйкес келеді;
- Жоспарланған күрделі шығындар бағдарламасы 1,3 млрд АҚШ доллары деңгейінде болады, оның ішінде 0,5 млрд АҚШ доллары өндірісті тиісті қуат деңгейінде ұстап тұруға бағытталған;
- Александр Машкевичтің 2013 жылдың 19 сәуіріндегі компанияға ұсыныс жасау жөніндегі консорциум құруды бастап жатқандығы туралы хабарламасына қатысты айтарымыз – ENRC директорлар кеңесі әлі қарастыруға тұрарлықтай ешқандай ұсыныс алмаған.

2013 жылғы бірінші тоқсанның өндірістік көрсеткіштері

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Хром кенін қазып алу (қатарлы) – 1,143 млн тонна (Q1 12: 1,081 млн тонна, 5,7% ұлғаю)
- Тауарлы хром кенін өндіру – 951 мың тонна (Q1 12: 755 мың тонна, 26% ұлғаю)
- Марганец кенін қазып алу (қатарлы) – 603 мың тонна (Q1 12: 618 мың тонна, 2,4% төмен)
- Тауарлы марганец концентратын өндіру – 160 мың тонна (Q1 12: 176 мың тонна, 9,1% төмен)
- Барлық өндірілген феррохром – 314 мың тонна (Q1 12: 325 мың тонна, 3,4% төмен)
- Барлық өндірілген ферроқорытпа – 415 мың тонна (Q1 12: 431 мың тонна, 3,7% төмен)

2 Темір кені бөлімшесі

- Темір кенін қазып алу (қатарлы) – 9,262 млн тонна (Q1 12: 10,204 млн тонна, 9,2% төмен)
- Бастапқы темір кені концентратын өндіру – 3,672 млн тонна (Q1 12: 4,178 млн тонна, 12,1% төмен)
- Тауарлы темір кені концентратын өндіру – 1,532 млн тонна (Q1 12: 2,021 млн тонна, 24,2% ұлғаю)
- Тауарлы темір кенді шекемтас өндіру – 1,904 млн тонна (Q1 12: 1,831 млн тонна, 0,7% ұлғаю)

3 Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Боксит қазып алу (қатарлы) – 1,271 млн тонна (Q1 12: 1,258 млн тонна, 1% ұлғаю)
- Глинозем өндіру – 412 мың тонна (Q1 12: 330 мың тонна, 24,8% ұлғаю)
- Алюминий өндіру – 61 мың тонна (Q1 12: 62 мың тонна, 1,6% төмен)

4 Энергетика бөлімшесі

- Көмір қазып алу (қатарлы) – 5,826 млн тонна (Q1 12: 5,866 млн тонна, 0,7% төмен)
- Электр энергиясын өндіру – 3895 ГВтс (Q1 12: 3948 ГВтс, 1,3% төмен)

5 Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Мыс кенін қазып алу (қатарлы) – 734 мың тонна (Q1 12: 429 мың тонна, 71,1% ұлғаю)
- Тауарлы (катодты) мыс өндіру – 9 617 тонна (Q1 12: 8 988 тонна, 7% ұлғаю)
- Кобальт кенін қазып алу (қатарлы) – 245 мың тонна (Q1 12: 338 мың тонна, 27,5% төмен)
- Металл мен концентраттағы кобальт – 2 487 тонна (Q1 12: 2 736 тонна, 9,1% төмен)

Күрделі шығындар бағдарламасы

Топтың негізгі жобаларына келесілер кіреді:

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Ақтөбеде жаңа ферроқорытпа зауытының құрылысы.

2 Темір кені бөлімшесі

- Кен базасын кеңейту бойынша жобалар.

3 Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Глинозем өндірісін кеңейту және анод зауытын салу.

4 Энергетика бөлімшесі

- Ақсудағы №6 энергия блогын қайта қалпына келтіру.

5 Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Мыс өндірісін кеңейту стратегиясын қайта қарастыру және дамыту.

6 Логистика бөлімшесі

- Қазақстанда темір жол паркін кеңейту.

2013 жылы Топ екі негізгі жобаны жүзеге асыруға ерекше назар аударады. Атап айтқанда, Қазақстандағы жаңа ферроқорытпа зауытының құрылысы мен Конгодағы Frontier кен орнын игеру. Топтың күрделі шығындары 2013 жылы 1,3 млрд АҚШ долларын құрайды, оның 0,5 млрд АҚШ доллары өндіріс қуатын қажетті деңгейде сақтап тұруға бағыталатын болады.

Баланстық есеп

2013 жылдың 31 наурызында қолда бар қаражат көлемі 0,8 млрд АҚШ долларын құрады, ал қарыз көлемі 5,5 млрд АҚШ долларына жетті. 2013 жылдың ақпан айында Топ қайтарымды несиені қайта қаржыландырып, оның көлемін 467 млн АҚШ долларынан 500 млн АҚШ долларына жеткізді, ал несиені өтеу мерзімі 2015 жылға дейін ұзартылды. Несие клубтық негізде беріліп, Токио Банкі реттеуші банк ретінде қызмет көрсетті.

Қорытындылар кестесі

Сәрсенбі, 7 тамыз 2013 жыл	2013 жылғы екінші тоқсанның өндірістік есебі
Сәрсенбі, 21 тамыз 2013 жыл	2013 жылдың бірінші жартыжылдығының өндірістік есебі
Бейсенбі, 7 қараша 2013 жыл	Аралық өндірістік есеп және 2013 жылғы үшінші тоқсанның өндірістік есебі



Байланыс

ENRC Қазақстан (Астана):

Корпоративтік коммуникациялар
департаменті
+7 (7172) 592 153
+7 (7172) 592 152
press@kz.enrc.com

ENRC PLC (Лондон):

Юлия Кальчева
+44 (0) 20 7389 1861
julia.kalcheva@enrc.com

www.enrc.com

Стратегия



Шығыны аз өндірісті қолдау



Қолда бар қорлар мен қуаттылықты ұдайы жетілдіріп отыру және жасау



Өнім түрлілігін диверсификациялау арқылы компания құндылықтарын арттыру және тұтынушылар негізін кеңейту



Аймақтық және әлемдік деңгейде активтер портфелін диверсификациялау және табиғи ресурстар саласына қатысу



Денсаулық пен еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып бірлескен ұйымда және әлеуметтік жауапкершілікте жоғары стандарттарды ұстану